«ҚТЖ – 100 ЖАС ЕСІМ» ЖОБАСЫ: ҮЗДІКТЕР МАРАПАТТАЛДЫ 4 бет

1930 90 2020 ТҮРКСІБ

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№75 (2583) 02/10/2020 | ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА | railnews.kz

Подписывайтесь на telegram-канал АО «НК «ҚТЖ» – @railways.kz / «ҚТЖ» ҰК» АҚ – @railways.kz telegram-каналына жазылыңыз

ЦИТАТА ДНЯ

**Батыр КОТЫРЕВ,**
ГЛАВНЫЙ ИНЖЕНЕР АО «НК «ҚТЖ»:

**« СУЩЕСТВУЕТ ВЫРАЖЕНИЕ: «КОМПАНИИ БЫВАЮТ БЫСТРЫМИ ИЛИ МЕРТВЫМИ». В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВОЙ ЭКОНОМИКИ ЭТА ФРАЗА БОЛЕЕ ЧЕМ АКТУАЛЬНА: ЕСЛИ ПРЕДПРИЯТИЕ НЕ ИСПОЛЬЗУЕТ ВОЗМОЖНОСТИ СОВРЕМЕННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ, НЕ АДАПТИРУЕТСЯ К СУМАСШЕДШЕМУ ТЕМПУ И ОСОБЕННОСТЯМ ВЕДЕНИЯ БИЗНЕСА, ОНО НЕ СМОЖЕТ КОНКУРИРОВАТЬ С ТЕМИ, КТО УЖЕ ЭТО ДЕЛАЕТ »**

НАЗАРДАҒЫ НЫСАН



# «KTZE-KHORGOS GATEWAY»: ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ЕҢ ІРІ ҚҰРҒАҚ ПОРТ

Алматы облысы, Панфилов ауданының аумағында арнайы экономикалық аймақ құрылып, жұмысын бастағалы біраз жыл. «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында ашылған «KTZE-Khorgos Gateway» Құрғақ порты ел экономикасының әлеуетін көтеруге айтарлықтай үлес қосып жатқаны белгілі. Күні кеше бір топ журналистер оған куә болып қайттық.

**Жігер ӘШІМ,**
*Алматы*

Қазақстан мен Қытай шекарасындағы «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағының аумағында орналасқан Орталық Азиядағы ірі Құрғақ порт аумағында жалпы ауданы 102,8 га жоғары класты логистикалық сервисті қамтамасыз ету үшін ұзындығы 24 шақырым теміржол мен 6 кірме жол, біржолғы сақтауға арналған 18 мыңнан астам мамандандырылған контейнерлік алаң бар. Одан бөлек 2 уақытша сақтау қоймасы қызмет көрсетеді. Оның бәрі жаңа заманауи автоматтандырылған техникалармен жабдықталған. Операторы – «KTZ Express» АҚ мультимодальдық компаниясы. Құрғақ порттың жұмысы індет кезінде де тоқтамапты. Барлық ел шекарасын қымтап, барынша сақтанған тұста санитарлық қатаң талаптарды ескере отырып, жұмыс істеген.

«KTZ Express» АҚ Логистика жөніндегі вице-президенті Нұрлан Игембаевтың айтуынша, Қытайдан Еуропаға, Ресейге және Орталық Азияға баратын маршруттар – дәстүрлі түрде Қазақстан аумағы арқылы өтетін ең сұранысқа ие бағыттар. «2020 жылғы қаңтар-тамыз айында Қытай – Еуропа – Қытай бағыты бойынша тасымалдау көлемі 306,6 мың ЖФЭ құрады, бұл 2019 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 62%-ға өсті. Қытай – Орталық Азия-Қытай бағыты бойынша өсім 29%-ды немесе 149,2 мың ЖФЭ құрады. Сондай-ақ, есепті кезеңде Қытайдан Ресейге 31,2 мың ЖФЭ тасымалданды, өсім өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 47%-ға артты», – дейді «KTZ Express» АҚ Логистика жөніндегі Вице-президенті Нұрлан Игембаев.

Қытайдан көбіне халық тұтынатын тауарлар, металдар, химикаттар жеткізіледі екен. Тіпті, габаритті емес жүктерді де жеткізеді. Айталық, «KTZE-Khorgos Gateway» Құрғақ портының тиеу терминалын іске қосу арқылы Қытайдан Түркіменстанға 300 габаритті емес техника – John Deere ауыл шаруашылығы комбайндары жіберілді. Осы John Deere компаниясы 2017 жылдан бері 1474 комбайнның тасымалдауын сеніп тапсырған көрінеді.

Нұрлан Игембаевтың айтуынша, Алтынкөл станциясы арқылы биыл бірқатар жаңа контейнерлік маршруттар іске қосылған. «Бұл Цзиньхуа (ҚХР) – Баку (Әзербайжан), Сиань (ҚХР) – Измит (Түркия) Транскаспий халықаралық көлік бағыты бойынша, Чэнсян (ҚХР) – (Беларусь) Жодино, Цзинань Нань (ҚХР) – Қыпшақ (Түркіменстан), Түркменбашы (Түркіменстан) – Циндао (ҚХР), сондай-ақ Алтынкөл – Мәскеу тұрақты контейнерлік сервисі. «KTZ Express» АҚ компаниясы бүгінгі таңда ең қолайлы тарифтік шарттарды жасап, Қазақстан арқылы өтетін барлық бағыттардағы жүктердің жылдамдығы мен сақталуының толық параметрлерін ұстанып отыр. Ұзындығы 3128 км құрайтын Алтынкөлден Ақтау портына дейінгі учаскені контейнерлер үш тәулік ішінде өтсе, 2019 жылғы 16 сәуірден бастап «Қазақтеңізкөлікфлоты» компаниясының фидерлік кемесі апта сайын Баку портына 210-ға жуық контейнер жеткізеді, сол жерден жүктер темір жол арқылы Грузия мен Түркияға жөнелтіледі. Мысалы, қытайлық Сианнан Түркияның Стамбулына дейінгі сапардың жалпы уақыты 16 күнді құрайды», – деді Н.Игембаев.

Бір айта кетерлігі, Қытайдан келетін 57 вагондағы жүкті өзіміздің вагондарға қайта тиеу 1 сағатта жүзеге асады екен. Яғни, 15 мың контейнерді бір уақытта қабылдап, сақтай алады. Одан бөлек бір күнде 15 пойызға дейін жөнелте алатын мүмкіндік бар. Ал Германияға бағытталған жүк 10 күн ішінде, Стамбулға 12 күнде жетеді. Ең ұзақ маршрут 3 күн ғана. Осының арқасында транзит барлық бағыт бойынша 40 пайызға, ал Еуропа бағытының өзі 62 пайызға өскен.

«KTZE-Khorgos Gateway» директоры Ибрагим Манабаев: «Құрылғанына 5 жыл болған Құрғақ порттың 102 га жері бар. 8 айда 23 мың тонна жүк тиеу жоспарланса, біз 46 мың тонна жөнелттік. Яғни, артығымен орындалды. 1350 пойыздың 40 пайызы Еуропаға, 26 пайызы Өзбекстанға кетті» дейді.

Алтынкөл станциясы бастығының міндетін атқарушы Нұржан Құрманәліұлының шекаралық жүк станциясының жұмысы туралы берген мәліметіне сүйенсек, 2020 жылдың 8 айында станция арқылы барлық санитарлық-эпидемиологиялық нормаларға сәйкес 1 551 контейнерлік пойыз өткен. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 110,7%-ға артық. Тар табанды жол бойынша 2600-ден астам жүк пойызы, кең табанды жол бойынша 3500-ден астам пойыз қабылданған. Қаңтар-тамыз айларында жүк айналымы 4 млн тоннаға жетіп, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 55% -ға жоғары екен.

Бүгінде Қытайдан Қазақстанға келетін импорт саны 20 пайызды құраса, Қазақстаннан экспортталатын тауар 20-25 пайыз екен. Ал транзиттік елдерді алсақ, Қазақстанның тауарды өткізу жылдамдығы тәулігіне 1100 шақырымнан астам. Болашақта мұны 1500 шақырымға жеткізу көзделіп отыр.

*Суретті түсірген Максим МОРОЗОВ*

АҚПАРАТ

## САНДЫҚ ҚОСЫМША – ТИІМДІ ДЕ ҮНЕМДІ

**«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-ның ел аймақтарындағы жол бөлімшелері филиалдарының 41 мыңға жуық қызметкері өндірістік жарақаттанудың алдын алу үшін «Өндірістік қауіпсіздік» мобильді қосымшасын пайдалануда.**

Теміржолшылар телефондарына «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да әзірленген қосымшаны жүктеп алып, еңбекті қорғау талаптарының бұзылғаны, қауіпті әрекеттер мен жағдайлар туралы, қауіпсіз емес жұмысты тоқтату қажеттілігі туралы хабарлап, өз хабарламасын бейне-фотоматериалдармен толықтыруда. Жыл басынан бері жол бөлімшелерінің қызметкерлерінен 2 мыңнан астам хабарлама тіркелген. Оларға басшылық тарапынан жедел назар аударылып, және кемшіліктерді жою үшін шаралар қабылданып келеді. Осы жұмыстың қорытындысы бойынша 28 қауіпсіз емес жұмыстың тоқтатылғаны тіркеліп, қызметкердің денсаулығына немесе өміріне қауіп төндіретін 1236 қауіпті іс-әрекет пен қауіпті жағдайлардың алды алынды. Near-miss аясында 117 хабарлама келіп түскен, яғни бұл дегеніміз салдары жоқ оқиғалар, ол қызметкерлер үшін ықтимал қауіпті жағдайларды бақылауға және жоюға мүмкіндік береді.

Атап өтерлігі, мобильді қосымшаның функционалдығы үнемі жетілдіріліп отырады. Қыркүйектен бастап оқиғалар туралы хабарлайтын ақпараттық бюллетеньдер мен жеделхаттар іске қосылған болатын. Олардың басты міндеті – қызметкерлерге хабарлау және ұқсас оқиғалардың алдын алу, яғни басқалардың қателіктерінен сабақ алып, ой түю. Ақпараттық хабарламаларды негізге ала отырып, бөлімше басшылары ұжымдарда қауіпсіздік минуттарын және нұсқамалар өткізеді.

– Айта кету керек, бағдарлама ашық жұмыс істейді, яғни адамның немесе компанияның араласуын толығымен жояды, хабарламалар телефонға бірден келеді, бұл ең құнды корпоративтік ресурс болып табылатын уақытты үнемдейді. Мұның бәрі өндірістегі жазатайым оқиғалардың алдын алып қана қоймайды, сондай-ақ, тәуекелдер туралы хабардар болуға да ықпал етеді, – дейді «ҚТЖ» ҰК» АҚ Өндірістік қауіпсіздік және экология департаментінің директоры Асхат Сариев.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Бизнесті трансформациялау бағдарламасы аясында өндірістік қауіпсіздікті басқарудың жаңа моделіне көшті. Ал «Мінез-құлық қауіпсіздігі диалогы» мобильді қосымшасы қауіпсіздікті бақылаудың қолданыстағы түрлеріне қосымша болып табылады.

*Ислам ТАЛҒАТ*

НОВОСТИ

## НА ВОКЗАЛЕ ОТКРЫТ СПЕЦЦОН

**На железнодорожном вокзальном комплексе «Нұрлы жол» 30 сентября текущего года состоялось техническое открытие нового специализированного центра обслуживания населения (СпецЦОНа).**



Данный совместный проект реализован АО «НК «ҚТЖ», специализированным отделом НАО «Государственная корпорация «Правительство для граждан» для автовладельцев и единым оператором, который организует комплекс сервисных услуг в вокзальном комплексе.

Новый специализированный центр обслуживания населения значительно облегчает автовладельцам поиск более удобно расположенного ЦОНа для получения госуслуг. Также новый СпецЦОН разгрузит действующие отделы. Предусматривается, что 60% от нагрузки обслуживания существующего СпецЦона будет производиться в новом отделении на вокзале «Нұрлы жол».

Отделение расположено на первом этаже здания вокзального комплекса. Его общая площадь – 790 квадратных метров, где размещены операционный зал на 24 окна, зал ожидания для населения, помещение для выдачи готовых документов и помещения для других сопутствующих услуг (нотариуса, страховых компаний, банков и т.д.).

Дополнительно будет работать окно для выдачи информационных справок из базы МВД РК. Кроме того, во избежание очередей предусмотрена надежная электронная система соблюдения очередности. Также для удобства горожан на прилегающей территории и в здании вокзала имеются парковочные места.

– Очень удобно здесь получать услуги – все рядом, никуда ехать не нужно. И очередей нет. По времени все процедуры заняли не более 30 минут, – говорит один из первых посетителей СпецЦона Алихан Даукеев.

*Асель ШАЙХЫНОВА*
*Фото Александра ЖАБЧУКА*

## ДЕНЬ ПОРТА

**1 октября в рамках празднования Дня порта лучшие работники морского порта Актау отмечены почетными грамотами, знаками отличия АО «НК «ҚТЖ», благодарственными письмами руководства.**



Вчера порт Актау отметил свое 57-летие. История порта начинается с 1963 года, когда возникла необходимость транспортировки продукции урановой промышленности и нефтяных месторождений Мангышлака. После распада СССР морской порт Актау стал важным транспортным узлом, связывающим между собой страны бассейна Каспия, и принял стратегическое значение для развития народно-хозяйственного комплекса суверенного Казахстана.

Сегодня порт Актау является современным многоцелевым терминалом, обеспечивающим перевозку грузов с востока на запад, с севера на юг и в обратном направлении 12 месяцев в году и 24 часа в сутки.

С учетом имеющихся рекомендаций по соблюдению санитарных норм отличившихся работников от имени руководства АО «НК «ҚТЖ» и председателя правления порта Актау Абая Турикпенбаева поздравили курирующие вице-президенты в узком кругу коллег.

*Кирилл МАКСИМОВ*
*Фото автора*

ЦИФРА НОМЕРА

**64,5 МЛН ТОНН**

**ТВЕРДОГО ТОПЛИВА ПОГРУЖЕНО ЗА ЯНВАРЬ-АВГУСТ ПО СЕТИ АО «НК «ҚТЖ»**

АКТУАЛЬНО

# БЫТЬ БДИТЕЛЬНЫМИ

За 8 месяцев 2020 года машинистами ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» применено свыше 3 800 экстренных торможений для предотвращения наезда подвижного состава на людей и столкновения с автомобилями. В прошлом году за аналогичный период зарегистрировано свыше 3 500 вынужденных остановок.

**Роман ЛЮБИМОВ**

Несчастные случаи на железной дороге зачастую происходят из-за того, что граждане проявляют беспечность, стараются сократить путь и переходят рельсовую колею в неустановленном для этого месте, перебегают железную дорогу перед приближающимся поездом, подвергая свою жизнь опасности. Усугубляющий фактор – слушать музыку в наушниках, из-за использования которых пострадавшие не слышат гудка локомотива.




Наезд на пешехода, внезапно появившегося на пути, предотвратить практически невозможно, так как тормозной путь поезда, в зависимости от веса и профиля пути, в среднем составляет около 800 метров.

Для профилактики травматизма на путях работники станций и эксплуатационных локомотивных депо проводят информационно-просветительскую работу. Они напоминают, что хождение по железнодорожным путям всегда связано с риском. Переходить и переезжать железнодорожные пути следует только в установленных и оборудованных для этого местах, убедившись в отсутствии приближающегося поезда или на разрешающий сигнал переездной сигнализации. На неохраняемых переездах следует внимательно следить за сигналами, подаваемыми техническими средствами, убедиться, что нет приближающегося поезда.

Железнодорожники призывают граждан быть бдительными, находясь вблизи путей, и напоминают, что железная дорога является объектом повышенной опасности.

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА
№75 (2583) 02/10/2020
railnews.kz

«ҚТЖ»ҰК» АҚ – @railways.kz telegram-каналына жазылыңыз

ЖАҢАЛЫҚТАР

## ТАРЛАН ТЕМІРЖОЛШЫҒА ҚҰРМЕТ



**Қарттар күні қарсаңында Қандыағаш станциясының ұжымы осы станцияны 19 жыл басқарып, құрметті еңбек демалысына шыққан Нұрибай Сәрсеновке құрмет көрсетті.**

«Нұрибай Аманғалиұлы, Қандыағаш тораптық станциясының ұзақ жыл тек алдыңғы шептен табылуы – сіз секілді шебер ұйымдастырушы басшының еңбегі. Жылдар бойы өндірістік-қаржылық көрсеткішті өрге сүйреу үшін аянбай жасаған еңбегіңіздің куәсі болдық. Бүгін ортамызға шақырып, ұжым алдында сізге тағы да алғыс айтуды жөн санадық», – деді Қандыағаш станциясының басшысы Медет Аяғанов.

Қазақстан темір жолы тарихына аты алтын әріппен жазылған тарлан теміржолшыны әріптестері қос мерекемен құттықтап, естелік сыйлықтар тарту етті. Теміржолшының туған күні қарттар мерекесімен тұспа-тұс келген.

Нұрибай Аманғалиұлы – салада 44 жылға жуық еңбек еткен тәжірибелі теміржолшы. 1976 жылдан еңбекке араласып, 2002-2019 жылдар аралығында станцияны басқарып, бірнеше мәрте «Үздік басшы» атағын иеленген өз ісіне берілген талапшыл басшы бола білді. Өз ұжымын өрге сүйреп, темір жол саласының дамуына өлшеусіз үлес қосқан ардагер теміржолшы кездесуде жас әріптестеріне ризашылығын білдірді.

«Қазақстан теміржолының жүк тасымалы, жолаушылар тасымалында біздің станцияның орны ерекше. Сондықтан станцияны үздіктер қатарынан түсірмеуге аянбай еңбек ете беріңіздер. Бәріңе де алғысым шексіз, еңбектеріңнің жемісін көріңдер», – деді ардагер теміржолшы Нұрибай Сәрсенов.

*Ардақ ЕРУБАЕВА, Ақтөбе*
*Суретті түсірген автор*

## ЕҢБЕК ҚОРҒАУДА ЕЛЕУСІЗ ЕШТЕҢЕ ЖОҚ



**Түркістан өз алдына облыс атанғалы екі жыл да зу етіп өте шықты. Бүгінде өңірдің орталығында Түркістан станциясы да айтарлықтай қарқынды дамып келеді. Ең алдымен киелі қаланың ескі вокзалына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, ауласы толығымен абаттандырылды.**

Қала экономикасының дамуына теміржол саласының да үлесі бары жасырын емес. Түркістан станциясы бастығының орынбасары Мүтәліп Шарипов бүгінгі күннің өзекті мәселесі еңбек қорғау мен қауіпсіздік екенін жеткізді. Жыл басынан бері қаржыны игеру, еңбек қорғау, санитарлық-сауықтырудың кешенді шаралары 100% орындалыпты. 8 ай ішінде жұмысшылардың медициналық тексеруден өтуі талапқа сай жүргізілген, 32 адам ауысым алдында міндетті түрде тексеруден өтеді. Зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтіндерге сүт өнімдері тұрақты беріліп келеді. 93 адамның үшеуі декреттік демалыста болса, біреуі зейнеттік демалысқа шыққан. Диспансерде гипертониялық аурумен 14 жұмысшы есепте тұрады. 8 ай ішінде өндірістік жұмысшылар арасында ешқандай бақытсыз жағдай, жарақатқа жол берілмеген.

Станция қызметкерлеріне 50 дана костюм, 300 жұп қолғап, 30 дана жауыннан қорғайтын плащ, 220 сигналды жилет, 60 жаздық бас киім, 26 құлақшын, резина етік – 29 жұп, 18 әйелдер бәтеңкесі, 120 ерлер бәтеңкесі, диэлектр қолғабы – 1 жұп, 10 фонарь беріліп, арнайы киіммен толық қамтамасыз етіліпті.

– Станциядағы еңбек қорғау кабинеті арнайы көрнекі құралдармен, әдебиеттермен, плакаттармен, маркерлі тақтамен, теледидармен жабдықталған. Еңбек қорғау бұрышы да бар. Техникалық дәрістер «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ филиалының техникалық дәрісті жүргізу ережесі» бойынша өткізіледі. Сонымен қатар, техникалық дәріс өтетін арнайы кабинетіміз де бар. Бұл жерде компьютер, видемагнитофон, DVD видео, теледидар, маркер тақта бар, кітап сөресі мен киім ілетін шкаф, жазу үстелімен жабдықталған. Компьютерлер «ASPO», «Ebook» бағдарламасымен автоматтандырылған. Қозғалыс қауіпсіздігі мен еңбек қорғау, ақпараттық материалдармен қамтылған. 8 ай ішінде 95 жұмысшыға 8 техникалық дәріс өткізілді. Дәріс барысы ойын, сұрақ-жауап, күтпеген оқиғаларды қалай шешу тәсілімен өтеді. Онда тақырыптық лекциялар оқылып, станциядағы өзекті мәселелер талқыланады, – дейді станция басшысының орынбасары.

«Жолда адам» ақпараттық жүйесі бойынша да станциялықтар біраз жұмыс жасапты. Кестеге сай 8 ай ішінде жол бойындағы тұрғындарды аралап, өз өмірі мен денсаулығына ұқыпты әрі сақ болуға шақырып, Көлік полицияларымен бірлесіп 6 рейд өткізген. Жолаушыларға 100 дана буклет таратқан.

Тағы бір айта кететін жайт, станцияда стандартқа негізделген кестеге сәйкес 8 айда 96 мінез-құлық диалогы жүргізілген. Тексеру барысында 32 қауіпті жағдай анықталып, оның 26-сы жеңіл жарақат алу тәуекелі, 6-уы ауыр жарақат алу тәуекелі болған. Осы қауіп тәуекелдеріне қарап, оны ретке келтіретін іс-әрекеттер жоспары құрылған.

Сондай-ақ 8 ай ішінде 24 рет «Қауіпсіздік күні» өткізіліп, 47 ескерту беріліпті. Берілген ескертпелер бойынша акт түзіліп, оны жоюдың шаралары қарастырылды. Лауазымдық нұсқаулық пен техникалық қауіпсіздік ережесін бұзған 83 теміржолшының екеуіне қатаң сөгіс, 24 сөгіс, 62 ескерту берілген.

*Жансая СЫДЫҚБАЙ, Түркістан*
*Суретті түсірген автор*

СӘТ САПАР!

# АЛҒАШҚЫ «ДЕСАНТТАР» АТТАНДЫ

Қазіргі заман талабына сай өндірісті цифрландыру жобалары барлық салада қолға алынып, жүзеге асырыла бастады. Солардың бірі – батыс өңірдегі «Пойыздар қозғалысын басқару орталығы» жобасы. Орталық Ақтөбе қаласында болады және ол Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау, Орал, Қызылорда бөлімшелерінің диспетчерлік орталықтарын біріктіреді.



**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**
*Атырау*

Әзірге бұл батыс өңірде құрылып отыр, ал алға қарай республиканың барлық өңірлерін қамтитын осындай басқару орталықтары болмақ. Бұрын пойыздар қозғалысын басқару, жолдардағы бағдаршамдарды реттеу, бұрмаларды ауыстыру, жолдардың бос болу-болмауын қадағалау сынды жұмыстар өңірлердегі пойыз диспетчерлерімен жүзеге асырылып келгені белгілі. Оның өзіндік қиындықтары да болды. Ал, жаңа жүйе бойынша станцияларда микропроцессорлық диспетчерлік орталық (МПДО) қондырылып, ол пойыздар қозғалысын автоматты түрде қадағалауға мүмкіндік береді. Жоғарыда аталған бес облыстағы пойыздар қозғалысы бір орталықтан басқарылады. Жуырда ашылған орталық жұмысын бастағалы да көп уақыт өте қойған жоқ. Оған барлық өңірлердегі пойыз диспетчерлері жұмысқа шақырылды.

Қазақстан темір жолы үшін тарихи оқиға деп бағаланып отырған жаңа жобамен танысуға жуырда «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының корпоративтік мәселелер және HR жөніндегі орынбасары Серік Әбденов бастаған делегация Ақтөбеде арнайы болып, Пойыздар қозғалысын басқару орталығы ғимаратының, пойыз диспетчерлері жұмыс орындарының даярлығымен танысқаны жайлы жазылған болатын.

Міне, өткен жексенбі күні Атыраудан алғашқы 8 маман Ақтөбеге аттанды. Диспетчерлерді Атырау жүк тасымалы мен магистральдық желі бөлімшесі басшылық құрамы және кадр бөлімі мамандары оларға сәт-сапар және жаңа орында табыс тілеп шығарып салды.

Атырау жүк тасымалы мамандар бөлімінің басшысы Еркебұлан Бержановтың айтуынша, Ақтөбеге жұмысқа шақырылған мамандар арнайы статусқа ие болады, яғни оларға барлық жағдай жасалады. Ең алдымен арнайы еңбекақы тағайындалады. Жалдамалы пәтермен қамтамасыз етіледі. Әр отбасы мүшелеріне айлықтың 25 пайызы төленеді, балаларын мектепке не балабақшаға, жұбайларын жұмысқа орналастыруға мүмкіндік жасалады.

Жалпы, Қазақстан теміржолы бұл жобадан үлкен үміт күтіп отыр. Мамандардың айтуынша, оның жұмыс процесін жақсартуға септігі зор болмақ.

*Суретті түсірген автор*

КӘСІПОРЫН ТЫНЫСЫ

# ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫСҚА ДАЙЫН

Жамбыл магистральдық желі бөлімшесіне қарасты Белгі беру және байланыс дистанциясы 588 342 шақырымға қызмет көрсетеді. Мына жағы Түлкібас станциясынан Шу станциясына дейін, мына жағы Жамбыл станциясынан бастап Жаңатас станциясына дейінгі қашықтықты автоматты түрде блоктаудың ұзындығы 340 262 шақырымға созылса, мұның 50 678 шақырымы тақ жолға, 289 584 шақырымы жұп жолға жатады. Ал жартылай автоматты блоктау 177 295 шақырымды құрайды.

**Асхат РАЙҚҰЛ,**
*Жамбыл*

Дистанция директоры Аман Улакуловтың сөзіне қарағанда, Жамбыл-Түлкібас және Жамбыл-Шу учаскелері «Неман» жүйесінің микропроцессорлық диспетчерлік орталықтандыру құрылғыларымен жабдықталыпты.

– «Неман» жүйесінің микропроцессорлық диспетчерлік орталығы байырғы «Минск» жүйесі сияқты емес, постпен және ықшам электронды сызықтық модульдермен алмастырылған. Бұл қажет болған жағдайда әртүрлі диспетчерлік аймақтарды жылдам ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар мұның конфигурациялары арқылы құрылғылардың жай-күйі және басқарудың әртүрлі деңгейлеріндегі пойыз жағдайы туралы жедел деректерді пайдалана аламыз», – деп атап өтті жаңа технология жайында Аман Ұлықпанұлы.

Жамбыл-Жаңатас учаскесі «Нева» жүйесінің диспетчерлік орталықтандыру құрылғыларымен жарақтандырылған. Бұл ескі, ертеректе пайдалануға енгізілгенімен, диспетчерлік орталықтандыру жабдықтары барлық аймақтың көрсеткіштері мен сигналдары арқылы кез келген



қашықтықты басқаруға арналған.

«Қызмет көрсетілетін бұл учаскелерде 32 жеке пункт, 723 электрлік блоктауға арналған ажыратқыш, 47 өткел бар, оның 6-уы арнайы күзеттің бақылауында болса, 12-сі жерасты құрылғылары. Дистанция, сонымен қатар магистральдық желінің 804,4 шақырымға созылатын электр сымына, 391,6 шақырым дабыл қағу жүйесіне, 1 595,778 шақырым сигналдық кабельдер мен 805,36 шақырым байланыс кабельдеріне қызмет етеді», – деді мекеме басшысы.

Радиобайланыс жүйесінде 71РТС, РС-46МЦ, РС-46МЦ-19, РЛСМ-10-40, ТС-600, «Гранит» сияқты радиостанция құрылғылары қолданылады. Бұлардың қай-қайсысы да тәжірибе жүзінде әбден сынақтан өтіп, жұмыстың өнімділігін арттыруда, дәлме-дәл байланыс орнатуда сала мамандарының қажетіне жарап тұр. Жалпы, Жамбыл белгі беру және байланыс дистанциясының барлық жабдықтары 442,316 бірлікті құрайды.

Аман Улакуловтың айтуынша, дистанция балансында 58 ғимарат бар екен. Оның ішінде 32 электрлік орталық посты, 4 байланыс үйі, 1 басқарушы пост, 1 диспетчерлік орталық посты, 12 КТСМ посты. Сонымен қатар қоймалар, гараждар, шеберханалар сынды нысандар да бар. Күзгі бақылауға орай барлық нысандар тексерістен өтіп, шаруашылығының қысқа дайындығы толық ретке келтірілген. 282 адам еңбек ететін мекемеде пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тәртіпті нығайту жұмыстары жылдық жоспарға сәйкес жүзеге асырылып жатыр. Пойыздар қозғалысының қауіпсіздігі бойынша жеке стандарттарды орындау да өз деңгейінде жүруде.

*Суретті түсірген автор*

ЖОЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

# БЕКЕТ ЖОЛДАРЫ ҰЗАРТЫЛАДЫ

Аймақ теміржолшылары жылжымалы құрамдардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтауды арттыру үшін бірнеше кешенді жұмыстарды қолға алды. Солардың бірі – станциялық жолдардың қажетті көлемде ұзартылу жұмыстары. Осы уақытқа дейін аймақтағы бірнеше бекетте жолдарды ұзарту жұмысы жоспарлы жүргізіліп, нәтижесінде пойыздардың кідіріссіз өткізілуіне қолайлылық әкелді.



**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
*Шиелі*

Станциялық жолдарды ұзарту жұмыстары қазіргі таңда Шиелі станциясында қарқын алып отыр. Өндірістік бекеттегі күнделікті жұмыстарға жолдың ұзартылуының кедергі болмауын ойластырған аймақ теміржолшылары дайындық жұмыстарын ертерек бастап кетті. Қызылорда магистральдық желі бөлімшесіне қарасты Қызылорда жол дистанциясының теміржолшылары бекеттің солтүстік алқымында күзгі комиссиялы тексеруде анықталған кемшіліктерді реттеу, бекет жолының ұзартылуына дайындық, бағыттамалық бұрманы ауыстыру жұмыстарын телім басшысы Нұрболат Сақтағановтың басшылығымен атқаруда.

Дәл қазір жолдардың ұзартылуына байланысты бағыттамалық бұрмаларды ауыстыру жұмыстары атқарылуда екен. Ауыстыру жұмыстарына қажетті құрал-сайман, техника жеткілікті және де Қазалы мен Сексеуіл жол дистанциясынан теміржолшылар көмекке келіп өз үлестерін қосуда екен.

– Қазіргі таңда аймақ теміржолшылары күзгі комиссиялық тексеруде анықталған кемшіліктерді дер кезінде орнына келтіру және қысқа дайындық жұмыстарымен қатар станциялық жолдардың ұзартылуына әзірлік жұмыстарын жасауда. Қазалы мен Сексеуіл жол дистанциясынан бес-бестен жолшы вахталық іссапармен келіп көмек жасауда. Олардың тынығуы, жатын жайы дистанциядағы модульде ұйымдастырылған, ас-суы уақытылы беріледі, эпидемиялық жағдайға байланысты қолданылатын санитарлық шаралар қатаң сақталуда. Жолдың ұзартылуына әзірлік жұмыстары барысында бағыттамалық бұрмаларды ауыстыру жұмыстары жүріп жатыр. Бұрмалардың координаттары (бұрма басы мен соңының қай жерге орналастырылуы) алдын ала есептелініп, содан кейін ауыстыру жұмыстары жасалады. Бүгін осындай есептен өткен солтүстік алқымдағы 82-бағыттамалық бұрманы ауыстыруды бітіреміз деп жатырмыз. Ал алдағы күндерде жолдарды ұзарту жұмыстары толық күшіне енеді, біз соған дейін барлық дайындық жұмыстарын жасап үлгеруіміз қажет, – деді Нұрболат Сақтағанов.

Алқымдағы бұрма алмастыру жұмыстарына жол жөндеушілер Дәуренбек Бисекеев, Қалкөз Нұржан, Рашид Әлімбаев, Мотовоз машинисі Әділ Пәрімбетов, дәнекерлеуші Болат Нұрмағанбетов ерекше белсенділікпен атсалысуда. Олар бұрма рельстерін кесу, тегістеу, тесу жұмыстарына қолданылатын австриялық техниканы, дәнекерлеу аппаратын, көтеру крандары секілді қосалқы құрал-жабдықтарды тиімді қолданып, сауатты да кәсіби жұмыс үлгісін көрсетуде.

*Суретті түсірген автор*

ПЕРЕВОЗКИ

# ГЛАВНЫЙ ИНСТРУМЕНТ ЭКОНОМИКИ

В текущем году в Костанайском отделении грузовых перевозок отправили на 50% больше контейнерных составов, чем в 2019-м.

**Аслан КУДАБАЕВ,**
*Костанай*

Из Костанайского региона в течение года отправлено шесть контейнерных составов в направлении Китая, сообщил заместитель начальника отдела логистики Костанайского отделения ГП Кенес Дюсекеев. Здесь продолжают развивать контейнерные перевозки как одно из перспективных направлений современной железнодорожной логистики.

Стоит отметить, что в начале 2020-го в отделении планировалось ежемесячно отправлять по несколько контейнерных составов, но пандемия коронавируса внесла свои коррективы в планы железнодорожников. Однако руководство отделения руки не опускает и намерено приложить максимум усилий для развития этого вида перевозок.

– Контейнерные поезда – это логистика будущего, – говорит директор Костанайского отделения ГП Вячеслав Миронов. – Они быстрее и удобнее морских перевозок. Контейнеры можно доставить буквально к дому. Из Костаная до Китая они идут без остановок за 57-58 часов, и это даже быстрее, чем пассажирские поезда. Это универсальные вагоны, в которых можно перевозить зерно, медь, феррахром, дорогостоящую руду.

По его словам, китайская железная дорога заточена под контейнеры.

– Это очень выгодно экономически. По морю контейнер будет следовать до места назначения 50 дней, по железной дороге доедет за



14, – отмечает он. – Мне довелось участвовать в перегрузке первого контейнерного поезда в 2002 году Достык – Ганновер. Тогда у нас ушло 36 часов на погрузку одного контейнерного поезда, потому что это было новое дело, о котором мы мало что знали. Сегодня же погрузка контейнерного состава занимает всего 3 часа. Чтобы вагон доехал до пункта назначения за те же 14 дней, нужна хорошая логистика, и это говорит о том, что за грамотной логистикой – будущее. И это не наука, это инструмент экономики.

Контейнерные перевозки в Костанайском регионе продолжают развиваться, увеличивать объемы. Железнодорожники намерены и в будущем всячески этому способствовать.

*Фото автора*

ЛЮДИ ТРАНСФОРМАЦИИ



**ГАФУР РАХИМБАЕВ,**

**начальник технического отдела Жана-Семейской дистанции пути:**

– В целях оптимизации и упорядочения запасов на складах запущен проект «Управление запасами». В связи с этим командой трансформации бизнеса была разработана соответствующая методика, в соответствии с которой в нашем филиале начаты все необходимые мероприятия. А самое главное – все имеющиеся запасы были переклассифицированы и разбиты на следующие способы распределения: план для внутреннего использования, для передачи другим филиалам, для реализации, а также план освидетельствования/ремонта, списания и т. д.

Данный проект позволил нам, работникам, увидеть, насколько четко можно знать, где, какой и на какую сумму имеется запас, и сегодня мы уже можем оперативно использовать имеющиеся материалы. Теперь мы можем быть уверены, что наши запасы не будут забыты или закуплены повторно, так как новая методика корректирует нашу потребность при формировании плана закупок.

В результате данного проекта нами ожидается сокращение уровня невостребованных материалов в разы, повышение оборачиваемости запасов, улучшение хранения запасов – это все приведет к снижению затрат компании. А сэкономленные средства можно будет направить на создание более комфортных и благоприятных условий для работников.

*Айлин БАУРЖАН*
*Фото автора*

КОМИССИОННЫЙ ОСМОТР

# ПРОВЕРЯТ ЛОКОМОТИВЫ

Очехлить локомотивы, перевести их на зимние сорта смазок, проверить состояние дизель-генераторных установок, водяной и масляной систем, автотормозного оборудования, привести в надлежащее состояние кабины машинистов – эти и другие мероприятия осуществляют алматинские локомотивщики во время осеннего комиссионного осмотра. Подготовка локомотивного парка к работе в зимних условиях продлится до конца октября.

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**
*Алматы*

Осеннему комиссионному осмотру в Алматинском эксплуатационном локомотивном депо подлежат 84 единицы локомотивов. Из них 32 маневровых серии СКD6е, 3 электровоза ВЛ80С, 33 тепловоза ТЭ33Ф АС и 16 ТЭП33Ф.

Во время осмотра проверяется состояние пожарных установок и средств пожаротушения, усилен контроль над качественным выполнением циклов ТО-1, ТО-2, переходным запасом материалов и запасных частей, а также качественным и своевременным проведением всех видов сервисного обслуживания СО (ТО).

– Осенний комиссионный осмотр проходит со строгим соблюдением всех требований, – комментирует начальник Алматинского



эксплуатационного локомотивного депо Болатказы Толекпаев. – Помимо локомотивных бригад, привлекаются инженерно-технические работники. Естественно, при этом учитываются их компетенции.

По словам начальника депо, каждый локомотив будет проверен и на создание в его кабине управления комфортных условий для работы локомотивной бригады. К примеру, если в холодное время года двери кабины управления закрываются недостаточно плотно, то специалисты принимают необходимые меры, чтобы машинист и помощник в пути не терпели неудобств и не рисковали здоровьем из-за сквозняков.

